

Отбасы – ұлт тірегі

Ұлт болашағының ең басты тұғыры, ең басты іргетасы - отбасы. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің де түп-төркіні осы. Отбасы - ұлттың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұтастай алғанда ұлт болмысын сақтайтын ең басты қойма іспеттес. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, уақыт пен кеңістіктен аман сақтап, келешекке аманаттап тапсыратын әлеуметтік орта да осы - отбасы.

Отбасыны елдің еңсесін тіктейтін шағын ғана мемлекет деп алсақ, сол мемлекеттің шайқалмай, іргетасы нық болуы үшін көптеген іс-шаралар атқарылады. Қала-



мен үш кестетігер тәрбиелеп отырған ардақты әке, аяулы ана - Дүйсен Кәдірханов пен Асылай Қабылдина тағылымды кештің қадірлі қонақтары болды. Кештің әлқиссасын Арқалық қаласындағы білім бөлімінің әдіскері - Назерке Мұханбетқали мерекелік құттықтаумен ашса, әр оқырман үшін киелі шаңырақ болған кітапхана қызметкерлері жырдан шашу шашып, рухани кешті әнмен әрлей түсті. Гүл-

өткен тағылымды кеш өнегеге толы болды.

Қадірлі кештің қонақтары - Кәдірхановтар отбасымен бала тәрбиесі, отбасы құндылықтары жайлы түрлі әңгіме де өрбіді. Отбасындағы ардақты әке - Дүйсен Кәдірханұлы: «әр ер адамның басты ұстанымы жауапкершілік» десе, ошақ иесі - Асылай Сайлаубекқызы: «жанұяның берік болуы - сенімде» деп ой білдірді. Қазақ «қарты бар үйдің, қазынасы бар», - деп

нингте қойылған түрлі сұрақтарға белсене атсалысып, кештен алған әсерлерімен бөлісті.

Кеш соңында қалалық білім бөлімі, қосымша білім беру орталығы басшысының міндетін атқарушы - Ләззат Есмағанбет сөз алып, кеш қонақтарына сый-сияпатын табыстап, кітапхана басшысы - Сәуле Ахметқызы өнерімен де, өмірімен де өзгеге өнеге болған Кәдірхановтар отбасына ізгі тілегін білдірді. Отбасы

лар атқарылуда. Қалалықтан облыстық, республикалық деңгейде отбасы құндылықтарын насихаттауды мақсат еткен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы оған дәлел бола алады. Осынау мерекелі күнге орай Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы Арқалық қаласы білім бөлімінің қосымша білім беру орталығымен бірлесе отырып «Отбасы – ұлт тірегі» атты қонақжай өткізді.

Бүгінде өнегелі отбасы, үш қамшы ұстар

жымен өрлей түрп. Тұр жауһар Сейілханованың орындауындағы «Ананды сүйсең менше сүй» әнін барша оқырман бірге шырқаса, Елзада Қабдыбек әуелеткен Қоныс ағамыздың «Бала махаббаты» әнін келген қонақтар тебірене тыңдады. Одан әрі Гүлзат Әмірханның оқылуындағы ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Әке» атты өлеңі әкеге деген құрметті сезіндіріп, жүректі елжірете түсті. Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі студенттерінің қатысуымен

қазынасы «бар», деп бекер айтпаған. Татулығы жарасқан Кәдірхановтар отбасы әңгіме барысында «біздің бірлігіміздің жарасқаны, әркез дұғада жүретін ортамыздағы асыл анамыздың арқасы» - деп, аяулы аналарын тілге тиек етті. Өнерден кенде болмаған өнегелі отбасы барша аналардың құрметіне арнап қонақ кәдесін де тарту етті. Сондай-ақ қаламыздағы қосымша білім беру орталығы қызметкерлерінің өткізген тренингімен рухани кеш одан әрі жандана түсті. Студенттер тре-

летін өзілдірді. Отбасы құндылықтарын дәріптеген тағылымды кеш естелік суретке түсумен аяқталды. Отбасы – әрбір адамның өміріндегі ең қымбат қазына, ал тұтас ұлт үшін ең берік тірек. Мықты отбасылардан құралған қоғам ғана өркениетті ел бола алады. Демек, отбасы құндылықтарын дәріптеу – ұлттың болашағын жарқын етудің басты кепілі.

**Еркінғазы
АЙТБАЕВ,
Облыстық**

**№2 әмбебап ғылыми кітапханасының
қызметкері**